

## БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

**"Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану" мақала**ЖАРИЯЛАНДЫ  
15.02.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/131948/>

Атырау облысы Құрманғазы ауданы

Панфилов атындағы жалпы орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Абулхайрова Гулжан

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдану»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» [2] деп атап көрсетілген. Сол себепті білім беру саласында қызмет ететін барлық ұстаздар бүгінгі таңда АКТ технологиясына бет бұрып, оны оқу үдерісінде белсене пайдалану үстінде.

Техниканың дамуы ілгері басқан бұл заманда оқушылардың өздері күнделікті өмірде смартфон, теледидар, планшет, ғаламторға қосылған компьютер сынды көптеген заманауи «гаджеттерді» емін-еркін пайдаланып үйренген. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ақпараттық-коммуникативті технологиялар (АКТ) педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

Оқыту үдерісінде өзімізге үйреншікті компьютер, презентация, интербелсенді тақтадан басқа электронды оқулықтар, үлестірмелі карточкалар, тақырыптар бойынша сараланған суреттер топтамасы, аудиожазбалар, «сөйлейтін кітаптар» және тағы

басқалардың барлығы да оқушыларға тақырыпты түсіндіруде АКТ ретінде көмекші құрал қызметін атқарады.

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқылатын нәрседен бір жаңалық болуы керек» деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай қазақ тілі мен әдебиеті

сабағында ақпараттық – коммуникативтік технология құралдары оқушыларға жаңа ақпарат көздеріне жол ашады, жеке жұмыс пен білім алудың нәтижелілігін, тиімділігін көрсетеді.

Web-сайттарды, басқа да құралдарды қолдана отырып, жаңа материалдарды түсіндіруге, меңгеруге қолайлы;

Сабақ барысында әртүрлі платформаларды пайдаланып сабақты қызықты өткізіп, оқушының ынтасын арттыруға болады. Мен өз тәжірибемде «Wordwall», «Kahoot» ойындарын, «Padlet» тақтасын, «Google Forms» платформаларын қолданып өткіземін. «Plickers», «Tarsia» әдістерін қолданып ақпараттық технологияны кеңінен қолданамын. Барлық оқушы ынтамен тапсырманы орындайды, әрі уақыт үнемделеді. Тапсырмалардың орындалысын тез бақылауға болады. «Білімленд», «Онлайн мектеп» ресурстарын кеңінен пайдаланамын. Себебі бұл платформада оқу мақсаттарына сай түсіндірулер, тапсырмалар дәл, нақты берілген. Оқушыларға қолжетімді.

Wordwall сервисімен жұмыс жасау да тиімді, әрі оқушы үшін қызықты. Бұл сервис арқылы түрлі шаблондағы ойындарды сабақты қорытындылау кезінде қолдануға болады. Сабақтарымда «Қызықты викторина», «Лабиринт», «Кездейсоқ дөңгелек», «Сәйкестендір». «Шындық немесе жалған», «Сыңарын тап» тағы басқа ойындарды оқушыларға жүргізіп отырамын. Оқушылар бұл ойындар арқылы берілген тапсырмаларды сабақтан кейін де үйлерінде қайталап орындай алады. Оқушы тапсырманы орныдау барысында қате кеткен тұстарын түзетіп, сабақта өтілген материалдарды есте сақтай алады, сабаққа деген құлшынысы артады. Мысалы : 5-сыныпта қазақ тілінен «Қиял мен шындық бірлігі», 6-сыныпта «Су-тіршілік көзі» тақырыптарын өткен кезде «лабиринт», 7-сыныпта әдебиеттен «Батыр Баян» поэмасы тақырыбында «Кездейсоқ дөңгелек немес Барабан» ойынын ұйымдастырдым.

«Kahoot!» ойынын да тақырыпты қорытындылау немесе бөлімді қорытындылау кезінде қолдануға болады. 5-сыныпта «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі бойынша өткіздім. Бұл ойындарды оқушы ұялы телефондары арқылы орындайды . Әрбір оқушының тапсырманы орындау деңгейі экранда оқушыларға таныс болады. Бұндай ойындар оқушының пәнге қызығушылығын арттырады, шапшаң орындауға тырысады, кейбір қателескен тұстарын ссылақ арқылы қайтадан орындап көруге болады, қайталап орындау арқылы есте сақталып қалады.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.